

Кітапхана салаалық педагогикалық

стауыш мектепте білім беру – ұйымдары кітапханаларының бас-

Президент Н.Ә.Назарбаев туралы

Алматы.

• Қоғам қайраткеріне арналды

Қазақ халқының рухани оянуы казіргі - қалыптасып жатқан тәуелсіздігіміздің өміршең болуының ең негізгі шарттарының бірі болып есептеледі.

Қандай да бір тарих деңгейінде қалыптасып үлгірген ұлтты алып қарасақ, олардың ешкімге алғызбайтын үш қамалы бар. Оның бірі – ұлттық сенім, екіншісі – ұлттық тіл, үшіншісі – ұлттық өнер мен салт-дәстүрлер. Ұлт өміріндегі осындай маңызды мәселелер жөнінде терен ойлар қозғап, тың пікірлер айтқан, өлі де өзектілігін жоймаған, тұжырымдарға толы ХХ ғасыр қазақ демократиялық интеллигенциясының қоғамдық, саяси, мәдени, әлеби мұраларын халқымыздың рухани байлығының інжу-маржаны деп айтуға болады. Солардың бірі қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ

Жаңа ӨМІРДІҢ ЖАРШЫСЫ

КСР Оқу ағарту халық комиссары, саяси қуғын-сүргін құрбаны Сейітқали Меңдешев.

2012 жылдың 13-ші қарашасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Оқу ағарту халық комиссары Сейітқали Меңдешевтің туғанына 130 жыл толуына арналған “Жаңа өмірдің жаршысы” атты еске алу кеші болып өтті.

Кешке жазушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақта-

рының мүшесі, “Қазақ газеттері” Жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі Бас директорының шығармашылық мәселелері жөніндегі өкілі Серікқали Хасан, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура институтының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Тілеубаев Шәмек Баянұлы, Сейітқали Меңдешевтың немерелері Молдағалиева София Мәлікқызы, Меңдешева Ару Ғұбайдулқызы қатысты.

Сейітқали Меңдешевтің өмірі мен қызметі туралы қысқаша хабарламаны жасаған Республикалық

ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері Клара Иманбекова, еске алу кешін жүргізген осы кітапхананың қызметкері Әлия Оразова.

Кешке шақырылған қонақтар Сейітқали Меңдешевтің өмірі, еңбегі, қоғам қайраткерлігі, ұстаздығы туралы туралы өз ойларын ортаға салды.

Кешке Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің студенттері, ғылыми қызметкерлер, кітапхана оқырмандары қатысты.

Кітапхана осы кешке арнап

Сейітқали Меңдешевтің өмір жолы мен еңбектеріне арналған арналған “Жаңа өмірдің жаршысы” атты тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастырды.

Бүгінгі заманымыз - асылдарын қайта тапқан шақта ірі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, ғалым Сейітқали Меңдешевті жаңа қырынан тануға мол мүмкіндік туып отыр.

Қалаулы педагог, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешевтің өмірі мен қызметі - халыққа қалтықсыз қызмет етудің тамаша үлгісі. Сейітқали Меңдешевтің есімі мен ісі халық есінде мәңгі сақталады.

Л. БЕКТІБАЕВА,
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы.

Алматы.